



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ



МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ
1963-2023

mmgpress mangistaumunaygaz_jsc

№07 (165), ТАМЫЗ, 2023



МҰНАЙШЫ АРДАГЕРЛЕР ҰЛЫҚТАЛДЫ!



8 тамыз күні «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының 60 жылдық мерейтойына орай Маңғыстау мұнайын алғаш ашушылар және еңбегі сіңген ардагерлеріміздің алғашқы легін құттықтау жиыны өтті. Жиынға қатысқан ардагерлерді «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры М.Мұстафаев, бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Чжан Ицюнь және компания кәсіподақ комитетінің төрағасы М.Кентанов мерейлі мерекемен құттықтап, олардың мұнай өндіру саласындағы өлшеусіз еңбектері үшін алғыстарын айтты. Жиын марапаттау рәсімімен жалғасты, компания басшылығы ардагер мұнайшыларға «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамына 60 жыл» мерекелік медалін табыстады.



Өз кезегінде ардагерлер атынан сөз алған Қазақстанның еңбек сіңірген мұнайшысы, ҚР жер қойнауының Құрметті барлаушысы С. Қырымқұлов сонау өткен жылдарды еске алып тарихтан сыр шертті, жиынды ұйымдастырған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығына алғысын білдіріп, ардагерлердің кәсіби мерекелерімен құттықтады. Жиынның ресми бөлімі аяқталған соң ардагерлерімізге музыкалық бағдарлама арналып, ақ дастарқан жайылды.

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының 60 жылдық мерейтойына арналған шаралар әрі қарай да жалғасын таба бермек.



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Жетібай кенорнында апатты жағдайда әрекет етуге бағытталған оқу-жаттығу өтті



2023 жылы 19 шілдеде «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының оқу полигонында ұңғымада жанып тұрған ашық мұнай фонтанын жойып, зардап шеккен адамды құтқару бойынша оқу-жаттығу өтті.



Бұл сценарий кездейсоқ таңдалмады. 2019 жылы Қаламқас кен орнында болған апат көрсеткендей, ашық газ және мұнай фонтандары күрделі апаттарға жатады. Оны жою үшін көп күш жұмсап, арнайы құралдарды қолдану керек.

Оқу-жаттығуға «Кәсіби әскерлендірілген авариялық-құтқару қызметтерінің республикалық орталық штабы» ЖШС-нің Маңғыстау облысы бойынша филиалының және «Семсер-Өрт сөндіруші» ЖШС бөлімшелері қатысты.



Іс-шара барысын «Самұрық-Қазына» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, Маңғыстау облысының төтенше жағдайлар департаменті және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті департаментінің өкілдері бақылады.

Жаттығу кезінде ұңғыма жабдықтарын салқындату, фонтанның жылу шығару қарқынын төмендету, газдалған аймақты анықтау, сағаны тығындау және ауыр бұрғылау ертіндісін құю арқылы ұңғыманы бітеу бойынша іс-әрекеттер пысықталды.

Өндірістегі қауіпсіздікті үздіксіз жетілдіру аясында «ҚазМұнайГаз» және оның еншілес кәсіпорындары өндірісте төтенше жағдай кезінде дер уақытында әрекет етуге дайындық деңгейін көтеру мақсатында осындай оқу-жаттығуларды ұдайы өткізіп тұрады.

Пояснение для акционеров - держателей акций

В процессе финансово – хозяйственной деятельности, Общество руководствуется, в том числе нормами и положениями Закона Республики Казахстан от 13.05.2003г. № 415-ІІ «Об акционерных обществах» (далее - Закон).

Гарантированный размер дивиденда на одну привилегированную акцию Общества должен составлять 10% от номинальной стоимости привилегированных акций.

Таким образом, Устав Общества предусматривает гарантированный размер дивиденда и, исходя из номинальной стоимости одной акции в размере – 1000 тенге, составляет не менее – 100 тенге за одну привилегированную акцию.

Между тем, как видно из таблицы, представленной ниже, дивиденды, начисленные на одну привилегированную акцию Общества за период до настоящего времени неоднократно превышают зафиксированный Уставом размер дохода в виде дивидендов.

Обществом между членами трудового коллектива – 1 089 460 штук.

Количество привилегированных акций Общества превышает в 9,4 раза количество привилегированных акций АО «Каражанбасмунай», что оказывает существенное влияние при распределении компанией по итогам года чистой прибыли в виде дивидендов на одну ценную бумагу, а именно, понижает годовую доходность акции в связи со значительным количеством акционеров. При этом доля привилегированных акций АО «Каражанбасмунай» составляет 5% от общего количества акций. Вместе с тем суммарное количество привилегированных акций АО «Мангистаумұнайгаз» составляет 1% от общего количества акций Общества, то есть все держатели привилегированных акций могут претендовать на 1% от суммы выплаты дивидендов.

Далее, относительно доступности информации для акционеров, считаем необходимым отметить следующее. Ценные бумаги Общества присутствуют в

а также решения о выплате дивидендов со всей сопутствующей информацией, данная информация дублируется в официальных печатных изданиях Республики Казахстан.

Касательно вопроса о проведении Общего собрания акционеров сообщаем, что согласно ст. 35, п. 4 Закона в Обществе, все голосующие акции которого принадлежат одному акционеру, общие собрания акционеров не проводятся. Решения по вопросам, отнесенным настоящим Законом и уставом Общества к компетенции общего собрания акционеров, принимаются таким акционером единолично. Принятые решения также публикуются на официальном сайте АО «Казахстанская фондовая биржа» (www.kase.kz).

В заключении просим всех держателей привилегированных акций обратить внимание, что дивиденды выплачиваются платежным агентом Общества – Центральным депозитарием ценных бумаг. В связи с этим по всем вопросам касательно учета акций и выплат по причитающимся дивидендам просим обращаться по следующим контактам:

Контакты

[8 800 080 86 68](tel:88000808668)

звонок по Республике Казахстан бесплатный
cmail@kacd.kz of@kacd.kz

г. Алматы

Адрес: 050040/А15Р5В5, Алматы, ул. Сатпаева, 30/8, нежилое помещение 163
Телефон: [+7 \(727\) 262 08 46, 355 47 60](tel:+77272620846)
Режим работы
Пн-Пт: 9:00-18:00, Сб-Вс: выходные
Обед: 13:00 - 14:00

г. Астана

Адрес 010000, Астана, район "Алматы", ул. Амангельды Иманова, 13, БЦ "Нур-Саулет 2", офис №101
Телефон: [+7 \(717\) 247 67 50](tel:+77172476750)
Режим работы
Пн - Пт: 9:00 - 18:00, Сб - Вс: выходные
Обед: 13:00 - 14:00

г. Актау

БЦ Звезда Актау, отделение АО «Казпочта»

Год	выплачено по привилегированным акциям	размер дивиденда на одну акцию	дата перечисления согласно решения	решение №, дата	период начисления
2018	1 100 355	1 010	02.10.2018	№10-09-18 от 27.09.2018	по итогам 2017 г.
	737 564	677	06.11.2018	№13/11-18 от 02.11.2018	за 1 полугодие 2018г.
2019	600 292	551	19.06.2019	№4/06-19 от 17.06.2019	по итогам 2018 г.
	653 676	600	11.12.2019	№9/12-2019 от 06.12.2019	за 1 полугодие 2019 г.
2020	407 458	374	10.08.2020	№5/08-20 от 04.08.2020	по итогам 2019 г.
	263 649	242	08.12.2020	№8/12-20 от 04.12.2020	доп по итогам 2019 г.
2021	305 049	280	14.06.2021	№6/06-21 от 09.06.2021	за 1 полугодие 2020 г.
	849 779	780	15.11.2021	№14/11-21 от 12.11.2021	по итогам 2020 г.
2022	910 789	836	09.06.2022	№09-06-22 от 02.06.2022	за 1 полугодие 2021 г.
2023	135 093	124	26.07.2023	№8/06-2023 от 15.06.2023	по итогам 2022 г.

Данное обстоятельство, является показательным в отношении политики Общества, направленной на стабильность и увеличение доходов акционеров, являющихся владельцами привилегированных акций. Необходимо также отметить значительную разницу между количеством привилегированных акций выпущенных АО «Каражанбасмунай» - 116 216 штук и тем количеством привилегированных акций, которые первоначально безвозмездно были распределены

листинге Казахстанской фондовой биржи. Любое заинтересованное лицо может ознакомиться с информацией об Обществе на официальном сайте АО «Казахстанская фондовая биржа» (www.kase.kz).

В разделе «Эмитенты» вышеуказанного сайта, наряду с Уставом и Проспектом эмиссии ценных бумаг Общества, в том числе представлена и отчетность о финансово – хозяйственной деятельности компании,

Еңбегі елеулі Егеубай

«Еңбегің қатты болса, татқаның тәтті болады» деген қанатты сөз құдды еңбек майданында тер төгіп жүрген қарапайым жандарға арналып айтылғандай. Еңбектің жақсы-жаманы жоқ. Бірақ қытымыр қыстың суығы мен аптап жаздың ыстығында жеті қат жер қойнауынан мұнай игеріп жүрген мұнайшылардың еңбегі жеңіл емес екені анық. Ол кісілердің қажырлы болмыстары мен маңдай терін төгіп, жанын салып істейтін жұмыстары ең жоғары бағаға лайық. Ризық несібесін қара алтыннан тауып отырған сондай жандардың бірі Төлегенов Егеубай Шаттыбайұлы.

Ол Форт-Шевченко қаласында дүниеге келді. 1980 жылы Жетібайдағы №3 мектепті бітіріп, кейін білімін шыңдау үшін Ақтау қаласындағы политехникалық колледжге оқуға түсті. Оқуды аяқтағасын 1986 жылы мамыр айында «Жетібаймұнайгаз» ӨБ қарасты ғылыми-зерттеу және өндіріс жұмыстары цехына оператор болып орналасты. Сол күннен жас маман Егеубайдың өндірістегі өмірі басталды. Негізгі міндеті – күнделікті ұңғымалардың жай-күйін тексеріп-бақылау, олардың үздіксіз жұмыс жасауын барынша қамтамасыз ету, оларға «опрессовка» жасау және тағы басқа шыр айналып келе беретін өндірістің тірлігі. Өндірісте ең шыдамдылар мен төзімділер ғана тұрақтайды. Осы уақыт ішінде Егеубай ағамыз өзінің біліктілігімен, іскерлігімен, еңбекке қабілеттілігімен таныла білді. Қашан да өзіне тапсырылған істі мінсіз, үлкен абыроймен атқарудан танған емес.

- Жер қойнауын игеріп, қазынасын игілікке жаратқан ел әрдайым дәулетті. Ерінбей еңбек етсең болғаны. Бұл Егеубай Шаттыбайұлының өмірлік қағидасы. «Тек еңбек арқылы, тер төге жүріп жұмыс істегенде ғана берекеміз

артып, мерекеміз көбейеді. Тұрмысың жақсарып, елдің еңсесі көтеріледі. Қара қазан оттан түспесе, бала-шағаға білім беріп, қатарға қоссаң, төріңнен қонақ арылмаса, жұртың аман-есен, бейбіт өмір кешсе, басқа бақыттың керегі не?!», - деп өзінің өмірлік тәжірибесімен бөліскен азамат өткенге салауат, бүгінгіне шүкіршілігін айтудан бір сәтке танған емес. - Бұл жерден талай бастық, талай шебер ауысты, бірақ қай кезде де мақсатымыз біреу ғана – ол еш ақаусыз жұмысты атқару. Неше жыл өтсе де, өндірістің қалыпты ағыны бар. Ол алпыс жылдан астам уақыт бойы өз қарқынынан жаңылған жоқ десе де болады, - дейді ол.

Үнемі ізденіс үстінде жүретін маман Егеубай аға Компаниядағы үздік маман конкурсына да қатысып келеді. Алған білім мен жылдар бойғы жинаған тәжірибенің арқасында 2021 жылы үздік маман атануы да – жоғары көрсеткіш!

Мекемеге жас маман болып орналасып, сол уақыттан бері мұнайдың дамуына бір адамдай үлес қосып келе жатқан ағамыз бүгінде Компаниямыздың мақтанышы. Отыз жылдан астам еңбек жолында бірнеше Құрмет грамоталары мен марапаттардың иесі атанған еселі еңбек иесінің төккен тері текке кеткен жоқ. Балаларын тәрбиелеп өсіріп, қазір немере мен жиендердің қызығына тоймай отыр.

Биыл Компаниямызға 60 жыл толғалы отыр. Осы жылдар ішінде ардагер аға буын мұнайшылар қатепті қара нардай талай белестерден сүрінбей өтті. Олар кенорынның құрылуы мен мұнайшылар буынын тәрбиелеуде көлемді жұмыстар атқарды. Олардың білімі мен тәжірибесін тиімді пайдаланудың арқасында біздің Компаниямыз Қазақстан мен Маңғыстау облысындағы



мұнайгаз секторының жетілуіне бірден-бір септігін тигізіп отырған алып мекемеге айналды. Осының барлығы көктен оңай түсе қалған жоқ. Алпыс жылдық мұнайдың шежіресінде Егеубай Төлегеновтей қарапайым еңбек адамдарының өлшеусіз төгілген тері жатыр.

Жасы алпыстың үстіне шығып, қошемет-құрметке бөленіп отырған

ағамыздың еңбек жолы бүгінгі де, келер ұрпаққа әрдайым өнеге. Ал біз сол өнегелі ғұмырдан үзінді ғана айта алдық. Әрбір жұмысшы ғұмыры - Компания тарихы, ел шежіресі!

Болмысы бөлек ағамызға зейнет жасына да аман-сау жетіп, мәртебелі демалысқа абыроймен шығуды тілейміз!



Қабат қысымын ұстау цехын – Қаламқастың жүрегі десек әсте жаңылмаймыз! Себебі үздіксіз және тұрақты мұнай өндіруде қабат қысымын ұстау маңызды міндет. Мұнда қолданылатын құрылғылардың күрделілігі мен әртүрлілігі мамандардың ең жоғары дәрежедегі кәсіби біліктілігін талап етеді. Мүлт кетуге мүмкіндік жоқ, мүмкіндік емес ау қақың жоқ!

сорғысымен бүкіл қабат қысымын ұстау цехы бойынша жер ананың қойнауына күнделікті 150 мың куб су айдалатын болса, сол технологиялық процесті жүргізіп, құрылғылар мен механизмдерге қызмет көрсетіп, айдау ұңғымаларының жұмысын бақылау сорғы стансасы машинисінің тікелей міндеті.

Өз ісінің маманы

Міне, осындай өте қауіпті де жауапкершілігі мол жұмысқа – өмірінің отыз жылдан астам уақытын арнап жүрген азаматтардың бірі - Сейітқали Жайлыбайұлы Егізбаев. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дегендей, әкесі Жайлыбай Егізбайұлы мен анасы Әуес Оңашқызынан дарыған адами қасиеттер оны өмірде адастырмаған жоқ. Туған жері Атырауда орта білім алып, Отан алдындағы борышын да абыроймен өтеп келді. Содан 1993 жылы «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ қабат қысымын ұстайтын цехқа келіп маңдай тіреген жайы бар. Ұжымдастары өте жылы қарсы алды, сол кездегі бастығы әрі ұстазы марқұм Нұрмұхан Қанатбаев қанатының астына ала отырып, жұмыстың жай-жапсарын үйретіп, жаңа келген жас маман Сейітқалиды өндіріске бейімдеп жіберді. Міне сол сәттен бастап кейіпкеріміз үшін өндірістің қызығы мен шыжығы қатар жүретін тірлігі дөңгеленіп жүре берді.

Ол күн сайын өзіне белгіленген аумақтағы қозғалтқыштар мен сорғыларды іске қосады және тоқтатады, айдалатын сұйықтықтардың (газдың) берілген қысымын бірқалыпты ұстай отырып, сорғылардың, қозғалтқыштардың және құбырлардың үздіксіз жұмысын бақылауды жүзеге асырады. Маркасы ЦНС-1801050 нөмірлі

- «Менің қызметім мұнай өндірудегі маңызды бағыттардың бірі. Егер қабат қысымы төмендесе немесе керісінше артық болса, жер ойылып немесе субұрқак пайда болуы мүмкін. Барлығы компьютермен басқарылады дегенмен де жұмыстың жауапкершілігін сезіне отырып, мұқият қарауға тырысамыз. Ұжымым ұйымшыл, әрқашан бір-бірімізге көмектесеміз, үлкендер ақылын аямайды. Біз де жас мамандармен білгенімізді бөлісеміз. Осы орайда өзім тәрбиелеген Ібіния Мұрат, Нұрағанов Әділбек сынды шәкірттерімді мақтан тұтамын дейді», - дейді кейіпкеріміз.

Сейітқали Жайлыбайұлы өзін өндірістегі техника қауіпсіздігі ережелерін дер кезінде қолдана алатын, сонымен қатар еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бағытындағы нұсқауларды жетік меңгерген маман ретінде де таныта білді. Табанды еңбек пен тынымсыз ізденіс, қажырлы қайрат, білім мен біліктілік кімді де болса биікке жетелейді. Таңдап алған кәсібін беріле сүю, бастаған ісін діттеген жеріне жеткізу, ойлаған жоспарын жүзеге асыру, көпшіліктің тілін табу секілді толып жатқан қасиеттер кейіпкеріміздің бір бойынан табылатыны қуантады. Сол үшін де маман Сейітқалимен өзгелер санасады, сөзін тыңдайды, өзін мойындайды. Кәсіби шеберлігін де шыңдап, осы жылдарда бесінші разрядқа дейін көтерілді.

Қабат қысымын ұстау цехындағы сорғы стансасының машинисі Сейітқали Жайлыбайұлы 30 жыл еңбек өтілінде жақсы сөз, абыройлы атақ арқалаған жан. Жолдасы екеуі 6 бала, 2 немере тәрбиелеп отырған бақытты отбасы.

Төл мекемесінің әрбір жетістігіне қуанатын Сейітқали аға Компаниямыздың 60 жылдық мерейтойы құтты болып, ризық-несібесі азаймай, табыс-тайқазаны толастамаса екен деп тілейді. Жақсы сөз – жарым ырыс! Ізгі ниет, барға – қанағаттың адамынан береке де арылмайтыны ақиқат!

Арайлым Ақшаева



МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ
1963-2023

10-13 шілде күндері "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ ұйымдастыруымен "ҚазМұнайГаз" ҰК» АҚ дәстүрлі Спартакиадасы болып өтті. Биылғы жылы спорттық шара "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының 60 жылдығына арналды.



Жарыстың ашылу салтанатында қатысушыларға "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ адам ресурстарын басқару департаментінің директоры Ерболат Темірбекұлы Сәрсенов және "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ Бас директорының әкімшілік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Сәрсенбай Нұрпейіс Мизанбайұлы құттықтау сөздерін арнап, спортшыларға адал және жарқын жеңістер тіледі! Салтанатты ашылу рәсімінен кейін алғашқы жарыс арқан тарту турнирінен басталды.



"ҚазМұнайГаз" ҰК» АҚ спартакиадасының екінші күнінде үстел теннисі, волейбол, шағын футбол, киберспорт, асық ату, қол күресі және баскетболдан жарыстар өтті. «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ ПЖПЖЦ шебері Сисенбек Нұрбаев қол күрестен күміс жүлдені жеңіп алды. Осылайша, алғашқы медальға қол жеткізді!



«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Спартакиадасы – 2023



"ҚазМұнайГаз" ҰК» АҚ спартакиадасының үшінші күні шахматшылар мен жүзгіштер тартысқа түсті және волейбол, шағын футбол, баскетболдан жарыстар жалғасын тапты, сонымен қатар ұлттық ойынымыз тоғыз құмалақтың әуесқойлары жарыста өзара бақ сынасты.

Шахмат турнирінде әріптесіміз - Қаламқас кен орнындағы ММӨД слесарь-жөндеушісі Асқар Таусаров тамаша өнер көрсетіп, қола жүлдегер атанды. Жеңіс тұғырына бір қадам қалғанда шахматшымыз Ақбаян Тілепиева жеңіліс тауып, төртінші орынды қанағат тұтты.

Әйелдер арасындағы жүзу жарысында СДЖМТҚД экономисі Әлия Фабидалла төртінші орынды иеленді.

Жарыстың соңғы күні шағын-футбол, волейбол және баскетболдан финалдық ойындар өткізілді.

Шағын футболдан үшінші орын үшін турнирде "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ командасы – Спартакиаданың қола жүлдегері атанды!

Сол күні өткізілген Спартакиаданың жабылу салтанатында "Қазмұнайгаз" ҰК» АҚ аппаратының басшысы Ержан Омаров "ҚазМұнайГаз" ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы Мағзұм Мырзағалиевтің атынан барлық спортшыларды – жарқын және үздік ойындары үшін, ал көрермендерді қолдау көрсеткендері үшін құттықтап, алғысын білдірді! Өз кезегінде "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ Бас директорының әкімшілік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Нұрпейіс Сәрсенбай, спартакиаданың барлық қатысушыларын құттықтап, "Маңғыстаумұнайгаз" ел экономикасының дамуына, спорт пен салауатты өмір салтын насихаттауға үлкен үлес қосып отырған Қазақстанның жетекші компанияларының бірі екеніне тоқталып өтті.

Одан әрі ұйымдастырушылар спартакиаданың барлық жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне медальдар мен дипломдарын табыс етті. Бірінші, екінші және үшінші орын үшін медальдарынан басқа арнайы сыйлықтар да болды. "Жеңіске деген ерік-жігері үшін" арнайы жүлдесі "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ волейболдан ерлер командасына табысталса, шағын футболдан "Үздік шабуылшы" номинациясы бойынша тағы бір арнайы жүлде "Қаламқасмұнайгаз" ӨБ слесарь-жөндеушісі Елдос Оразға тапсырылды.

Барлық спортшыларға озық ойындар өрнегін көрсеткендеріне және жеңіске деген ерік-жігерлеріне шын жүректен алғыс айтамыз.



Кешегі күн - бүгінгі тарих

«Мұнайлы Өлке» газетіне мұрағат материалдары мен фотосуреттерін, мұнай өнеркәсібінің алғаш ашушылары мен ардагерлерінің естеліктерін және т.с.с шығаруды жалғастырамыз.



Суретте В.Нечаев, Х.Өзбекғалиев, Т.Джумағалиев, Д.Досмұханбетов






Жарыс озаттары үкіметтік ордендермен марапатталуда



Н.Имашев, Х.Өзбекғалиев және В.Токарев, 1966 ж.



оператор Р.Садвакасова, 1977 ж.



Технологиялық құрылыстағы берекелі еңбек

Инфрақұрылымдық құрылыс - Қазақстан мұнайгаз кешенінің қарқынды дамып келе жатқан аса маңызды саласының бірі. Ел байлығын еселеуге үлес қосып келе жатқан құрылыс компанияларының бірі «Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылысшылардың төл мерекесіне жақсы өндірістік көрсеткіштермен келіп отыр.

Мұнайгаз өндірісінің толассыз жұмысын қамтамасыз етіп отырған мұнайсервистік құрылыс саласында жыл басында «ӨзенМұнайГаз» АҚ тапсырысы бойынша көлемі 200м³ болатын 4 мұнайгаз ескегішінен (сепараторынан) тұратын орталық мұнай айдау пунктіннің шеткі ескегіш қондырғысының алаңшасы, Орталық мұнай айдау пунктінде көлемі 20000м³ болатын №3 мұнай сұйыққоймасы сияқты нысандар пайдалануға беріліп, Қаламқас кен орнында Кешенді мұнай дайындау және өткізу цехында қуаты жылына 3млн тонна мұнай дайындау қондырғысы, блокты топтық сорғы стансасын (БТСС-4Б, 6А) кеңейту жұмыстары, 2x45МВт газтурбиналық электр стансасындағы газ және сумен қамту объектілерін қайта құрылымдау жұмыстары межесіне жетті. Мұнай дайындау және айдау цехын сыртқы электрмен жабдықтау жүйесін қайта құрылымдау, Жетібай кен орындары тобының қабат қысымын беру жүйесін орнату бойынша құрылыстың бірінші кезегі, 3У-12 Асар өлшеу қондырғысын салу жұмыстары, Жетібай кен орындағы блокты топтық сорғы стансасын (БКНС)-1,2,4,5 қосымша сорғы орнату арқылы кеңейту бойынша

күрделі құрылыс жұмыстары аяқталып, пайдалануға берілсе, үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдығының соңына дейін күрделі құрылыс саласында Қаламқас кен орнында бұрғылаудан шыққан 30 ұңғыма жайластырылды. Жетібай кен орнында бұрғылаудан шыққан 33 ұңғыма жайластырылды. Күрделі жөндеу бойынша Қаламқас кен орнында 42,17км шыныпластик құбыр, 10,4км болат құбыр, 48100м³ құм төгу, ал Жетібай кен

әсерінен сақтайтын қолайлы еңбек жағдайы жасалған. Ішкі коммуникация талаптары бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп, жұмыскерлердің әлеуметтік жағдайы мен көңіл-күйі үнемі назарда ұсталады.

Бүгінгі күні бейбіт еңбек майданында заманына лайықты ерлік көрсетіп, айбынын асырып жүрген жұмыскерлеріміз серіктестікте өткен «Үздік маман – 2023» байқауында жақсы



орнында 17,34км шыныпластик құбыр, 21,65км болат құбырларды жөндеу жұмыстары табысты аяқталды, Өзен кен орнында көлемі 10000м³ болатын мұнай сұйыққоймасының құрылысы жүргізілуде.

Компанияда жұмысшылар мүддесі әрдайым бірінші орында және жұмыс орнында өндіріс факторлардың кері

нәтиже көрсетіп, одан да жоғары шеберлік додасына жолдама алды.

Өнімді еңбекпен қатар ұйымдас-тырылып тұратын мәдени-спорттық шараларға атсалысатын спортсүйер жігіттер мен қыздарымыз «ҚазМұнай-Газ» ҰК» АҚ компаниялар тобы жұмыскерлері арасында өтетін Спартакиада-



2023, 5-топта іріктеу турларындағы спорт түрлерінің барлығына қатысты және жүлделі орындарды иеленді.

Көп салалы қызмет етіп келе жатқан кәсіпорынның мемлекетіміздің көркейіп, күш-қуатының қарыштап өсуіне, өлкеміздің дамуына айтарлықтай үлес қосып келе жатқаны - зор мақтанш, үлкен абырой. Алға қойған мақсатты толыққанды жүзеге асыра білетін құрылтай қайратты еңбеккерлерімен белгілі, жұмылған жұдырықтай ұжымның еліміздің мұнайгаз кешенінің алдыңғы қатарлы сервистік компанияларының көш басында болу мүмкіндігі зор, әлеуеті мол.

Барша әріптестеріміз бен еңбек ардагерлерін Құрылысшылар күні және алда келе жатқан Қазақстан Республикасының мұнайгаз кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен құттықтаймын. Ортақ мүдде – еліміздің экономикалық қуатын арттыру, әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету жолындағы еңбегіміз берекелі, табысымыз мол, мәртебеміз биік бола берсін!

Н. Ділмағамбет

«Oil Construction Company» ЖШС
Бас директоры

Жүргізушілердің шеберлік байқауы



«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС-нің Маңғыстау техникалық көлік басқармасы (бұдан әрі – МТКБ) аумағында автокөлік жүргізушілері арасында «Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауы өтті. Байқауға өздерінің бағын сынап көргісі келген 7 қызметкер қатысты. «Үздік маман» байқауы жұмысшылардың кәсіби деңгейі мен теориялық даярлығын, өндіріс тиімділігін арттыру, біліктілікті жетілдіруге, өз кәсібіне үлкен жауапкершілікпен қарауға және бар күш жігерін жұмсауға ықпал етеді.

«Ойл Транспорт Корпорейшэн» Серіктестігі бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Бердіғали Сүгіров осындай кәсіби шеберлік конкурсында қызметкерлер тек жеңіске жетіп қана қоймай, жүргізуші мамандығының қыр-сырын тереңдете білуге бағыттайтын және көлік саласындағы шеберлікті одан әрі жетілдіруге, шыңдауға көмектесетін бірден-бір сайыс екенін айтып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Қатысушыларды сайыстың бекітілген бағдарламасымен таныстырып, медициналық тексерістен өткізді.

Оларға еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, жол қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігін сақтау бойынша нұсқама жүргізілді. Мамандар екі кезең бойынша сынға түсті. Біріншісінде тест арқылы қатысушылардың теориялық білімі тексеріледі, ал екінші кезеңде байқауға қатысушылар «ПАЗ» автобусымен практикалық тапсырмаларды орындайды. Теориялық білімімен бақ сынасқан 7 қызметкердің ішінен 5 қызметкер іріктеліп, келесі кезеңге жолдама алды. Жеребе тасталып, практикалық тәжірибе бойынша арнайы көлікпен тәжірибелік сайыс басталды. Бұл кезең қызықты да тартысты өтті. Себебі небір қиын бөгеттерден өту үшін әрі уақытымен аяқтау үшін қатысушылар біраз тер төкті. Комиссия мүшелері нормалар мен талаптардың орындалуын мұқият қадағалап отырды.

Конкурстық комиссия мүшелері практикалық тапсырмаларды орындау сапасы мен теориялық дайындығын бағалап, үздік көлік жүргізушісін анықтады. Байқау нәтижесінде: III орынға МТКБ №2 автотізбек жүргізушісі Сержан Үттібаев, II орынға МТКБ №1 автотізбек жүргізушісі Досан Райсов ие болды. Тәжірибелі әріптестерін озып шыққан МТКБ №2 автотізбек жүргізушісі Асет Кулмағанбетов бас жүлдеге ие болды.

Барша қатысушылар үлкен ынта жігер көрсетіп, жауапкершілікті ақтап шықты.

«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС

Мейірім шуағы



«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС ұжымы балаларды қорғау күні қарсаңында қаламыздағы балалар үйіндегі қамқөңіл бүлдіршіндерге мейірімділік, қуаныш сыйлап, оларды әртүрлі сыйлықтармен қуантуды көп жылдар бойы игі дәстүрге айналдырған-ды. Биыл да осы үрдістен жаңылмай, ұжым қызметкерлері серіктестігіміздің басшылығының қолдауымен бастап, қаламыздағы Облыстық мамандандырылған балалар үйіне барып қайтты. Ондағы мақсат - жас ұрпақтың бойында ізгілікті, жанашырлық пен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. Айналадағы болып жатқан жәйттерге бей-жай қарамай, әр іске жүрек жылуымен қарауға баулу.

Мекеме қызметкерлері және олардың өнерлі балалары бірлесе отырып, ата-ана қамқорлығынан шет қалған кішкентай бүлдіршіндерге арнайы концерттік бағдарлама қойып, оларға сыйлықтар жиынтығын үлестіріп, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Гүлмен келсін келер күн,

Бала – бағы бар елдің.

Балалардың күлкісі,

Көркі, сәні әлемнің

– демекші, балаға бақыт сыйлау - әрбір ата-ананың міндеті болса, тағдыр тәлкегіне тап болып, жетімдіктің ащы дәмін татқан балапандарға әрдайым қамқорлық көрсету барша азаматтың парызы.

Кеш соңында, балалар үйінің жетекшілері мерекелік көңіл-күй сыйлап, қуанышты сәтті бөлісе білген ұжымның қызметкерлеріне алғыстарын жеткізді.

Ұлболсын Смадиярова
«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС

